

## **Қарағанды облысы әкімдігінің кейбір қаулыларының күші жойылды деп тану туралы**

Қарағанды облысының әкімдігінің 2020 жылғы 14 шілдедегі № 43/01 қаулысы. Қарағанды облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 16 шілдеде № 5948 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін өзі басқару туралы" Заңына, Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі "Құқықтық актілер туралы" Заңына және Қазақстан Республикасының 2019 жылғы 25 қарашадағы "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Заңына сәйкес Қарағанды облысының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Күші жойылды деп танылсын:

1) Қарағанды облысы әкімдігінің 2018 жылғы 23 қаңтардағы № 02/01 "Діни қызмет саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызметтер регламенттерін бекіту туралы" қаулысы (нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тізілімінде № 4599 болып тіркелген, 2018 жылғы 15 ақпанда "Орталық Қазақстан" газетінің № 19 (22471), 2018 жылғы 15 ақпанда "Индустриальная Караганда" газетінің № 19 (22278), 2018 жылғы 9 ақпанда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде электронды түрде жарияланған);

2) Қарағанды облысы әкімдігінің 2018 жылғы 4 қазандағы № 53/03 "Қарағанды облысы әкімдігінің 2018 жылғы 23 қаңтардағы "Діни қызмет саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызметтер регламенттерін бекіту туралы" №02/01 қаулысына өзгеріс енгізу туралы" қаулысы (нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тізілімінде № 4979 болып тіркелген, 2018 жылғы 27 қазанда "Орталық Қазақстан" газетінің № 120 (22571), 2018 жылғы 27 қазанда "Индустриальная Караганда" газетінің № 120 (22379), 2018 жылғы 26 қазанда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде электронды түрде жарияланған).

2. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің жетекшілік жасайтын орынбасарына жүктелісін.

3. Қарағанды облысы әкімдігінің "Қарағанды облысы әкімдігінің кейбір қаулыларының күші жойылды деп тану туралы" қаулысы алғашқы ресми жарияланған күнінен он күнтізбелік күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК